**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Допингке қарсы ұлттық орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

**2021 жылдың II тоқсанындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Допингке қарсы ұлттық орталық» мемлекеттік кәсіпорнының *(бұдан әрі - Орталық)* директоры бекіткен 2021 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Жоспары аясында жүргізілді.

Ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне осал қызмет бағыттары анықталды:

1. Мемлекеттік сатып алулар.

Орталық Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы N648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерін» басшылыққа алады. Орталық 2021 жылдың II тоқсанында мемлекеттік сатып алулар бойынша 16 келісімшарт жасасты, оның ішінде:

- тікелей келісімшарт жасасу арқылы бір көзден – 5,
- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден – 8,
- бағаларды сұрату арқылы – 3.

Барлық келісімшарттар рәсімделіп, www.goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алулар веб-порталында орналастырылған.

2. Кадрды таңдау.

Орталықтың штаттық құрамы 22 қызметкерден тұрады. Бір бос орын бар.

Орталық қызметкерлері Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №342 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің» нормаларын сақтайды. Талдау кезінде Кодексті сақтауға қатысты тәуекелдер туындаған расталған жағдайлар болған жоқ.

Орталық қызметкерлеріне қатысты қылмыстық іс жоқ.

Қызметкерге әкімшілік іс қозғалмады.

Тәртіптік жаза қолданбады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында Орталық қызметкерлері туралы сыни жарияланымдар болған жоқ.

Орталық қызметкерлерінің әрекеттеріне шағымдану туралы сот шешімдері туралы ақпарат жоқ.

<u>3.  Кінәрат- талаптар әрекеттері.</u>

2021 жылдың II тоқсанында сот талаптары жоқ.

<u>4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері.</u>

Есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардан шағымдар түскен жоқ. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес қаралады.

«Е – Отініш» платформасына жеке және заңды тұлғалардың өтініштері тіркелуде.

Талдау нәтижелері бойынша Орталық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал еткен әрекеттері анықталған жоқ.

Орталық қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды анықтау үшін мониторинг жүргізілді. Есепті кезеңде ондай материалдар анықталған жоқ.

Прокурорлық қадағалау актілері түскен жоқ.

Орталық ақпаратты кәсіпорынның ресми сайтында уақытында жариялап отырады.

**Директор** **М. Бақашева**

*орынд. К. Нысанбаева*